Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттерін орындағаны үшін

тәуелсіз директорлар 17.08.2007 ж. № 17/07 «Самұрық» Холдингі» АҚ Басқармасының белгілеген шешімімен 702 000 (жеті жүз екі мың) теңге мөлшерінде сыйақы алады.

Тәуелсіз директорға Директорлар кеңесінің отырысына баруымен байланысты шығындар (жол-пұлы, тұру ақысы, тәуліктік ақысы) төленеді.

7.5. БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ

Басшылық Қоғамның қазіргі қызметімен Басқарма Төрағасы басқаратын Басқарма түрінде алқалық органмен жүзеге асырады.

Басқарма жұмысы акционерлердің мүдделерін барынша сақтауға, сонымен қатар, Қоғам міндеттерін орындауға және оның стратегияларын жүзеге асыруға бағытталған.

Басқарма уақытылы мәжіліс жасап отырады.

Берлібаев Әнуар Әмірбаевич

Қоғамның Басқарма Төрағасы.



Жамбыл облысының Свердлов ауданы Михайловка ауылында 1976 жылы 23 қаңтарда дүниеге келген. Қазақстан Республикасының азаматы.

Қызмет еткен жерлерінің тізімі:

- Қоғам Басқармасының төрағасы, Ақтау қ.;
- «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ Басқарма Төрағасының кеңесшісі (қоғамның стратегиялық даму бағдарламаларын жасау; корпоративтік басқару мен басқа да міндеттерді жетілдіру), Алматы қ.;
- «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ Коммерциялық және шаруашылық қызметтер жөніндегі Басқарма Төрағасының орынбасары, Алматы қ.;
- «Алматы Пауэр Консолидейтед» АҚ Жалпы мәселелер жөніндегі басқарушы директор, Алматы қ.;

- «Алматы Пауэр Консолидейтед» АҚ коммерциялық директоры, Алматы қ.;
- «Алматы Пауэр Консолидейтед» АҚ қаржы директоры, Алматы қ.

Марапаттары:

- 2011 ж., «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медалі;
- 2012 ж., «ТМД еңбегі сіңген энергетик» құрметті атағы.

Каримов Мұрат Ақтанович

Пайдалану жөніндегі Басқарма Төрағасының орынбасары, Қоғам Басқармасының мүшесі.



ТМД еңбек сіңірген энергетик.

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының Чердожак ауылында 1966 жылы 8 тамызда дүниеге келген. Қазақстан Республикасының азаматы.

Қызмет еткен жерлерінің тізімі:

- «АЖК» АҚ Күрделі құрылыс басқармасының бастығы;
- Болашақ даму басқармасының бастығы;
- «АПК» АҚ Күрделі құрылыс департаментінің директоры;
- «АПК» АҚ Күрделі құрылыс және болашақ даму қызметінің бастығы;
- «Қазақстанның теледидары мен радиосы» республикалық корпора-

циясы» ЖАҚ энергетикамен жабдықтау цехының бас энергетигі;

- «АПК АРЭК» АҚ 3-тобының контроллері;
- «Промконтракт» ЖШС директоры;
- «Каримов и К» ПТ директоры;
- «Жаңатас электр желілері» АҚ бас инженері.

Марапаттары:

- 2011 ж., «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медалі;
- 2012 ж., «Қазақстан энергетикалық ассоциациясы» ОЮЛ құрмет грамотасы.

Жұматаев Асылбек Рүстемович

Экономика және қаржы жөніндегі Басқарма Төрағасының орынбасары, Қоғамның Басқарма мүшесі.



1978 жылы 11 сәуірде Ақмола облысы Ерейментау қаласында дүниеге келген. Қазақстан Республикасының азаматы.

Қызмет еткен жерлерінің тізімі:

- «Кедентранссервис» АҚ қаржы жөніндегі басқарма бастығы;
- «Холдинг «Алматы Су» МКК «Тоспа су» МКҚД экономика және қаржы жөніндегі директордың орынбасары, Алматы қ. әкімшілігі;
- «Energy System» ЖШС қаржы директоры;

«Алматы қ. су құбырлық-кәріздік шаруашылығы» СШК-да ҚМК экономикалық талдау бөлімі бастығының орынбасары;

- «АлЭС» АҚ Бюджетті, тарифтер мен экономикалық талдау департаменті директорының орынбасары;
- «Алматы Пауэр Консолидейтед» АҚ Бюджет және тарифтер басқармасының Бюджетті орындауды дайындау және бақылау бөлімінің бастығы;
- «ГазОйлДиагностика» ЖШС бас бухгалтердің м.а.

7.6. БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2013 жылы Басқарма Қоғамының қызметіне қатысты төмендегі мәселелер қарастырылған 9 мәжіліс жүргізді:

- 1) 2013–2015 жылдарға арналған Қоғамның бекітілген инвестициялық бағдарламасын жүзеге асыруға арналған купондық облигациялар шығару есебінен қарыз қаржыларды тарту туралы және Қоғамның Директорлар кеңесін шақыру туралы шешімдерді алдын-ала қабылдау жайлы;
- 2) Қоғамның Ақпараттық қауіпсіздік саясатын бекіту туралы;
- 3) Қоғамды бюджеттендіру туралы ережені бекіту туралы;
- 4) Қоғамның ұйымдық құрылымы мен штаттық кестесін бекіту туралы;
- 5) Қоғамның 2013–2015 жж. арналған тауарларды, жұмыстар мен қызмет-

терді ұзақ мерзімдік сатып алу жоспарын бекіту туралы;

- 6) Қоғамдағы төлемдерді жоспарлау, келісу мен жүзеге асыру ережелерін бекіту туралы;
- 7) қайғылы жағдайлар туындау барысындағы ақпарат беру ережесін бекіту туралы;
- 8) «KAZENERGY» мұнай-газ және энергетикалық кешенін ұйымдастырудың Қазақстандық ассоциациясы» заңды тұлғаларын біріктірудегі Қоғамға кіруді мақұлдау туралы;
- 9) Қоғамның ISO 9001:2008, ISO 14001:2009, OHSAS 18001:2007 халықаралық стандарттар базасындағы менеджменттің интегралданған жүйесі саласындағы саясатты бекіту туралы;

10) 2013 жылға Қоғамның сапа, қоршаған ортаны қорғау, кәсіби қауіпсіздік пен еңбекті қорғау саласындағы мақсаттарын бекіту туралы.

Басқарма өз қызметін жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларды, Жарғы мен Қоғамның ішкі құжаттарды, соның ішінде Басқарма туралы ережелерді басшылыққа алады.

Басқарма қызметі акционерлердің мүдделерін сақтауға негізделген және Қоғамның акционерлері мен Директорлар кеңесіне толықтай есеп береді.

Басқарма мүшелерінің қызметіне баға беру Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің тиімділігін сипаттайтын қызметің уәждік негізгі көрсеткіштері (бұдан әрі – ҚНҚ) мен оның қызметінің жоғары нәтижелерінің деңгейінің Басқарма мүшелерінің жетістік дәрежесі негізінде жүзеге асады.

7.7. БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІН МАРАПАТТАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2012 жылдың қорытындысы бойынша Басқарма мүшелері, Қоғамның басшылық етуші және басқарушылық жұ-

мысшыларына сияпат жасау ережесіне сай, 25.01.2013 жылғы (№ 30 хаттама) Қоғамның Директорлар кеңесінің бекі-

тілген шешімімен жыл бойынғы жұмыстардың қорытындысы бойынша марапатталады.



7.8. ДИВИДЕНДТЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТАР

Қоғам Жарғысына сай жыл қорытындысы бойынша есептік қаржылық жыл мен дивиденд мөлшерін бекітуге Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен бекітіледі.

Дивидендтерді есептеу мөлшері 2012 жылдың 12 қарашасындағы №65 Директорлар кеңесі шешімімен бекітілген 2012–2015 жж.

арналған еншілес ұйымдарға қатысты «Самұрық-Энерго» АҚ Дивидендтік саясатына сай анықталады.

Дивидендтік саясаттың негізгі ұстанымдары мыналар болып табылады:

1) «Самұрық-Қазына» АҚ пайдасына «Самұрық-Энерго» АҚ дивидендтерін төлеуді қамтамасыз ету ұстанымы;

2) «Самұрық-Энерго» АҚ жұмысын қаржыландыруды стратегиялық инвестициялық жобаларды қаржыландырумен қоса қамтамасыз ету, сонымен қатар активтерді сатып алу ұстанымы;

3) Компаниялар өздерінің инвестициялық қызметін қаржыландыру қажеттілігі ұстанымы.

2010–2012 жж. арналған төленген дивидендтердің нақты сомасы

Көрсеткіштер	Өлшем бірліктері	2010 ж. дерек	2011 ж. дерек	2012 ж. дерек
Табыстар	млн теңге	4 613	4 770	5 922
Шығындар	млн теңге	4 555	4 603	5 588
Таза табыс, бөлуге	млн теңге	58	167	333
Дивидендтерді төлеу мөлшері, соның ішінде	%	111%	53%	77%
Қарапайым акциялар	млн теңге	58	83	250
Артықшылығы бар акциялар	млн теңге	6	5	5

Қарапайым акциялардың жалпы тіркелген саны 2013 жылдың 31 желтоқсанындағы бір акцияға нақты құны 585 теңге болатын 2 011 016 акцияны құрады. Барлық айналымға жіберілген қарапайым акциялар толығымен төленген.

Артықшылығы бар акциялардың жалпы тіркелген саны әрқайсысының нақты құны 585 теңге болатын 96 272 акцияны құрады. Барлық айналымға жіберілген қарапайым акциялар толығымен төленген. Артықшылығы бар акциялар сатып алуға жатпайды және Компания жабылған жағдайда олардың құны қарапайым акциялардан жоғары болады.

Артықшылығы бар акциялар компанияның қайта ұйымдастырылуы мен жабылуына қатысты шешімдер қабылданған кезде, және компания акционерлерінің жалпы жиналысы артықшылығы бар акциялар иегерлерінің құқығы шектеулі болу мүмкіндігіне сай шешім қарастырғанда, және артықшылығы бар акциялар бойынша дивидендтер оларды төлеуге белгіленген мерзімнен үш ай ішінде толығымен төленбеген жағдайларды қоспағанда, өздерінің иегерлеріне компанияны басқаруға құқық бермейді.

Артықшылығы бар акциялар бойынша дивидендтердің минималды мөлшері жылдық 10% мөлшерінде белгіленген.

Есептік жылдағы Компания акционерлеріне тиесілі болатын акцияға шаққандағы пайда (акцияға теңгеде көрсетілген):

- Қарапайым акциялар – 515,44;
- Артықшылығы бар акциялар – 1 195,57.

31.12.2013 ж. жағдай бойынша акцияның есептік тепе-теңдік құны:

- Қарапайым акциялар – 7 131;
- Артықшылығы бар акциялар – 585.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

МАҚСАТТАР:
қоршаған ортаны
қорғау;

өндірістік
жарақаттануды
болдырмау;

әлеуметтік
тұрақтылықты
қамтамасыз ету.



Осы бағыттағы жұмысты жүзеге асыру үшін Қоғам алдында келесі мақсаттар қойылған:

- 1) қоршаған ортаны қорғау;
- 2) өндірістік жарақаттануды болдырмау;
- 3) әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Қоршаған ортаны қорғау

Қоршаған ортаға кері әсер етуді азайту мақсатында Қоғам төмендегідей іс-шараларды орындауды қарастырды:

- 1) рауалды-шекті тасталымдар жобасын жасау;
 - 2) Қоғам нысандарының пайдаланылған газдарды тастау көздерін жыл сайын есепке алу;
 - 3) қоршаған ортаның өндірістік мониторингін жыл сайын жүргізу;
 - 4) мазутпен ластанған топыраққа зертханалық зерттеулер жүргізу;
 - 5) маймен толтырылған жабдықтардағы полихлордифенилдің болуына зертханалық зерттеулер жүргізу;
 - 6) суды пайдалануды азайту, ағымды суларға талдаулар жасау, уытты заттарды пайдаға асыру.
- Әлеуметтік жауапкершілік стандартын жоғарылату Қоғамның



өзекті стратегиялық бағыты болып табылады.

Өндірістік жарақаттануды болдырмау

Қоғам осы мақсатқа төмендегідей іс-шараларды жүзеге асыру арқылы қол жеткізуді жоспарлайды:

- 1) қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз етуге, өндірістегі қайғылы жағдайларға бірінші басшысының жеке жауапкершілігін белгілеу;
- 2) қалыптасқан қауіптерді анықтау бойынша ұдайы жұмыс жүргізу және оларды болдырмау мен жою бойынша іс-шаралардың жоспарын жасау;
- 3) жабдықтар мен ұжымдық және жеке бастың қорғаныс құралдарының заманауи түрлерін қолдану есебінен қауіпсіздік деңгейін көтеру;
- 4) барлық қолданыстағы және қайта өндіріліп жатқан үдерістер үшін қауіпсіздік пен еңбек қорғау мәселелерін өндіру;
- 5) қызметкерлер құрамының біліктігін жоғарлату, сонымен қатар қауіпсіздік және еңбек қорғау саласын-



дағы алдыңғы қатардағы білімдер мен тәжірибені өндіру;

6) мердігер ұйымдарға қауіпсіздік және еңбек қорғау мәселелері

бойынша қойылатын талаптарды күшейту;

7) құрал-жабдықтардың сенімділігін көтеру және апаттық жағдайларды азайту.

Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету

Әлеуметтік тұрақтылық кадрлық құрамның тұрақтылығымен қамтамасыз етіледі. Көп жағдайда тұрақтылық және қызметкерлер құрамының біліктілік әлеует кәсіпорынның экономикалық тұрақтылығын анықтайды.

Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін Қоғам келесі іс-шараларды жүзеге асыруды көздейді:

- 1) еңбек ақы төлеу деңгейін жоғарылату;
- 2) Қоғам қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету;
- 3) қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету;
- 4) қызметкерлер құрамының қауіпсіздік пен еңбек қорғау саласындағы біліктілігін көтеру;
- 5) әлеуметтік және экологиялық стандарттар жүйесін ендіру. 2012 жылы Қоғам ISO 9001, ISO 14001, OHSAS 18001 халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес менеджменттің интеграциялық жүйесін ендіру бойынша жұмыстарды жүргізді. 2013 жылы халықаралық стандарттарға сәйкестілікті, төмендегілерге мүмкіншілік беретін сапа менеджменті жүйесін ендіруге сертификаттау жұмыстары жүргізілді:
 - басқару жүйесін жетілдіру және оның тиімділігін жоғарылату;
 - қауіпсіз өндірісті ұйымдастыру бойынша Саясат пен Мақсаттарын және әр жұмыс орында қауіпсіз және еңбектің қолайлы жағдайларын жасау;
 - өндірістік апаттарды, қақтығыстарды, өндірістік жарақаттану мен кәсіби аурулардың алдын алуға бағытталған іс-шараларды дайындау және ендіру;



- жазатайым жағдайларға, кәсіби ауруларға, өндірістік оқиғаларға зерттеулер жүргізу рәсімдерін жасау;
 - зиянды және қауіпті факторлардың әсерін азайту бойынша қарымдық іс-шаралар жасау;
 - қызметкерлер құрамын менеджменттің интеграцияланған жүйесінің жұмыс істеу жағдайындағы өз әрекеттерін көрсетіліп жатқан қызметтердің сапасы үшін, қоршаған ортаның жағдайына, қызметкерлердің кәсіби қауіпсіздігі мен денсаулығына жауапкершілікті түсінумен бірге жүзеге асыруға үйдеу;
 - қоғамдық ұйымдарға, халықтың әлеуметтік әлсіз топтары мен басқаларға демеушілік және қайырымдылық көмегін көрсету. Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету барысында Қоғам келесі ұстанымдарды басшылыққа алады:
 - демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетудің негізі мен объективті қажеттілігінің болуы;
 - ашықтық пен тиімділік;
 - демеушілік және қайырымдылық көмегін көрсету үшін бюджетте қаржының болуы;
 - жауапкершілік.
- Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуге арналған қаржылар Қоғамның бекітілген бюджетіне жыл сайын қосылады. Осы іс-шаралар Қоғамға мыналарға қол жеткізуге мүмкіндік береді:
- қоршаған ортаға кері әсер тигізуді азайту;
 - өндірістегі жазатайым жағдайлар санын азайту;
 - апаттықты азайту;
 - кадрлар тұрақсыздығын төмендету, қызметкерлер құрамының қанағаттанушылығын жоғарылату;
 - еңбек өнімділігін жоғарылату;
 - экологиялық, әлеуметтік қауіпсіздіктерді азайту.

8.1. ЖҰМЫСШЫЛАР ЕҢБЕГІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҮЙЕСІ



қатар жұмысшылардың орташа айлық еңбекақысының 75% кем емес негізгі еңбекақының үлесін (еңбекақының тұрақты бөлігімен салыстырғанда) қамтамасыз ету керек.

Қоғамда еңбекақының ұдайы жүйесі орнатылған.

Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен еңбекақы төлеу кестесіне сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысы Қоғамның штаттық кестесін бекітеді.

Жұмысшылардың лауазымдық еңбек ақылары жұмысшының білітілігі мен лауазымы, орындалатын жұмысының күрделілігіне байланысты бекітіледі.

Қоғам жұмысшыларының еңбекақысын төлеу мен ынталандыру Қазақстан Республикасы заңнамасына, Қоғам Жарғысына, Ұжымдық келісімшартқа сай жасалған сәйкес Қағидамен реттеледі және Қоғам жұмысшылары үшін еңбекақы төлеу жүйесін, әлеуметтік қолдау жасау, кепілдіктер мен өтемақыларды белгілейтін ішкі құқықтық акт болып табылады.

Құжат біліктілік деңгейіне байланысты жұмысшылардың еңбек ақысындағы айырмашылықтарды көрсетеді.

Қоғам жұмысшылардың еңбекақысын төлеу мыналарды қамтиды:

- жалақы – уақыт бірлігіндегі белгілі күрделіліктің еңбек міндеттерін орындауға еңбекақының тұрақты бөлігі;
 - үстеме төлем – өндіріс тиімділігі мен орындалатын жұмыс сапасын көтерудегі қызығушылықты күшейту үшін жұмысшыларға белгіленуі мүмкін еңбекақының өзгерілетін бөлігі;
 - бір реттік ынталандыру төлемдері;
 - Қағидада көрсетілген еңбекақы төлеумен байланысты басқа да төлемдер (демалыс және мейрам күндеріндегі еңбекке төлеу, іс-сапарлық сипаттағы және т.б.).
- Қоғамның еңбекақы жүйесі бір жолғы ынталандыру төлемдерін ескермеумен

Жұмысшылардың еңбекақысын төлеу Қазақстан Республикасы валютасындағы ақшалай түрде есептік айдан кейінгі айдың 10-күнінен кешікпей жүзеге асырылады.

Уақытша ынталандыру төлемдері Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес орташа еңбекақыны есептеу кезінде ескерілмейді.

Жұмысшылардың материалдық қызығушылығын күшейту мақсатында еңбекақының бірыңғай қорынан әлеуметтік қолдау, кепілдік пен өтемақылық төлемдерге ынталандыру қоры қалыптасады.

Әлеуметтік қолдау, кепілдік, өтемақылық төлемдер

2012 ж. 20 шілдесіндегі № 02/652-П Басқарма хаттамасымен бекітілген «Маңғыстау электр жүйелерін бөлу компаниясы» АҚ жұмысшыларына әлеуметтік қолдау көрсету ережелері (бұдан әрі – Ережелер) Қазақстан Республикасының келесі нормативтік құқықтық актілерімен және Қоғамның ішкі құжаттарымен шектеледі:

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 04.12.2007 ж. № 1171 «Екі айдан астам уақытша еңбекке жарамсыздық мерзімі қойылатын аурулар түрлерінің тізімін бекіту туралы» қаулысы;
- акциялар пакеттерінің (қатысу үлестері) «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-на тиесілі болатын ұлттық даму институттары, ұлттық компаниялар мен өзге заңды тұлғалар жұмысшыла-

рына әлеуметтік қолдау көрсету саясаты;

- Қоғам және оның еңбек ұжымы арасындағы ұжымдық келісімшарт;
- Қоғамның Еңбек тәртібі ережелері;
- Қоғамның келісімшарттарын, бұйрықтары мен басқа да жергілікті нормативтік актілерін бекіту туралы қағида;
- Қоғам құжаттамаларын құжаттандыру және басқару ережелері;
- Қоғам жұмысшыларын ынталандыру ережелері.

Осы Ережелерде көрсетілген талаптарды өндіруге және осы Ережелермен басқару үшін адами ресурстары жөніндегі басқарма бастығы жауапты болады.

Қоғамның өзіндік құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілері осы Ережелердің талаптарын орындау үшін жауапты болады.

Ережеде Қоғам жұмысшыларына әлеуметтік қолдаудың келесі түрлерін көрсету қарастырылған:

- 1) материалдық көмек;
- 2) өтемақылық төлемдер;
- 3) медициналық сақтандыру (ауру жағдайын сақтандыру);
- 4) тұрғын үй мәселелерін шешудегі әрекет.

Жұмысшыларға әлеуметтік қолдау көрсету кезінде Қоғам келесі ұстанымдарды басшылыққа алады:

- 1) жұмысшыға әлеуметтік қолдау көрсетудің негізі мен объективтік қажеттіліктің болуы;
- 2) ашықтық пен тиімділік;

- 3) әлеуметтік қолдау көрсету үшін бюджетте қаржының болуы;
- 4) жауапкершілік.

Ережелерде қарастырылған әлеуметтік қолдау көрсетуге арналған қаржылар Қоғамның жыл сайын бекітілетін бюджетіне қосылады.

Әлеуметтік қолдау көрсету мәселесі бойынша жұмысшы мен жұмыс беруші арасында дау болған жағдайда ол Қазақстан Республикасы заңнамасында бекітілген тәртіп бойынша шешіледі.

Әлеуметтік кепілдіктер

Жұмыс беруші кепілдік береді:

- 1) жұмысшылардың келісімшарттық негізде тіркелген жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы төлемдерін уақытылы аударуды қамтамасыз ету;
- 2) Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына әлеуметтік төлемдерді уақытылы және толық көлемде жасап тұру;
- 3) жұмысшыларды жұмысқа/түскі үзіліске, жұмыстан кейінгі тасымалдауды қамтамасыз ету;
- 4) балалары 1 сыныпта оқитын ата-аналарға 1 қыркүйекте ақылы демалыс күнін беру. Орта мектептің толық курсын аяқтап жатқан мектеп бітіруші балалары бар жұмысшыларға соңғы қоңырау күні ақылы демалыс күні беріледі;
- 5) қайтыс болған жақын туысқандарын (анасын, әкесін, балаларын, зайыбын) жерлеу кезінде жұмысшыны автокөлікпен қамтамасыз ету;
- 6) жұмысшыларға қосымша 3 (үш) күнтізбелік күндік ақылы демалысты мынадай жағдайларда беру:
 - жақын туысқандарының (анасы, әкесі, балалары, зайыбы) қайтыс болуы кезінде;

- некені тіркеу.

Қоғамдағы еңбек өтілі бір жылдан кем емес жұмысшылар Ұжымдық келісімшартқа сәйкес ерікті негізде медициналық сақтандыру/Қоғам бюджетінде қарастырылған қаражат есебінен қызмет көрсетумен қамтамасыз етіледі.

Жұмысшыларға тұрғын үй мәселесі бойынша қолдау көрсету туралы шешім Комиссияда қарастырылады және осы

мақсаттарға бөлінген бюджет қаржысы шамасында жүзеге асырылады.

Жұмысшыларға олардың тұрғын үй мәселелерін шешуде қолдау көрсетуі үшін Қоғамның Директорлар кеңесі бюджетті бекіту кезінде сәйкестік шығындарын ескере отырып бюджет қаржысын пайдаланудың жылдық лимиті белгіленеді.



8.2. ЭКОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК, ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ САЯСАТЫ

Қоғам Маңғыстау облысындағы жалғыз электр желілік компаниясы болып табылады және өңір аймағында (Ақтау қ. басқа) орталықтандырылған электрмен жабдықтауды қамтамасыз етеді.

Қоғам әрекеті құрал-жабдықтар, қондырғылар, құрылымдар мен жеткізу құрылымдардың қауіпсіз жұмысты қамтамасыз ету үшін электр тұтынушыларды сенімді және үздіксіз жабдықтауда болып табылады.

Қоғам менеджментінің экология, табиғатты қорғау саясаты мен әлеуметтік жауапкершілік саласындағы негізгі ұстанымдары тек тұтынушыларды электрмен жабдықтаудың сенімділігі мен сапасы бойынша барлық бекітілген нормативтерді орындау жағдайында ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Қоғам өз мойнына келесі міндеттерді жүктейді:

- өндірістік әрекетке қарағанда жұмысшылар мен энергетикалық нысандарға орналасқан өзге тұлғалардың өмірі мен денсаулығының басымдылығын мойындау және қамтамасыз ету;
- табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және сақтау, Қоғамның өндірістік әрекетінің қоршаған ортаға келтіретін кері әсерін төмендету.

Қоғамның ISO 9001:2008, ISO 14001:2009 және OHSAS 18001:2007 халықаралық стандарттар базасында МИЖ саласындағы саясатын тұтынушылардың қанағаттандырылу деңгейін көтеру, сапа саласындағы нәтижелілікті үнемі жоғарылату, қауіпсіздік пен денсаулықты кәсіби түрде қамтамасыз ету, ISO 9001, ISO 14001, OHSAS 18001 халықаралық стандарттарының талаптары негізінде ұйымның менеджментін жетілдіру есебінен экологиялық нәтижелікте болып табылады.

Экология, табиғатты қорғау саясаты саласындағы жауапкершілік Қоғам әрекетінің ажырамайтын бөлігі болып табылады.

Қоғамда ISO 14001:2004 талаптарына сәйкес МИЖ-де қолданылатын қоршаған ортаны қорғауды басқару тәртібін орнатуға бағытталған «Қоршаған ортаны қорғауды басқару» құжатталған рәсімі (бұдан әрі – Ережелер) бекітілген.

Ережелер МИЖ аясында қолданылады және қоршаған ортаны қорғауды басқаруда қатысатын Қоғамның барлық бөлімшелеріне тарайды, ISO 14001:2004 «Экологиялық менеджмент жүйелері, талаптар мен қолдану бойынша жетекшілік»; ISO 14050:2002 «Экологиялық менеджмент –

Сөздік» сәйкес құжаттарын жасау, рәсімдеу және басқаруға негізгі талаптарды орнатады.

Басқарма Төрағасы қоршаған ортаны қорғауды басқару үдерісін қамтамасыз етуге жауапкершілікте болады.

МИЖ бойынша басшылық өкілі Қоршаған ортаны қорғау бойынша жоспардың жобасын тексеру мен келістіру үшін жауапты болады.

Қоғам экологы Қоршаған ортаны қорғау бойынша жоспардың жобасын жасау үшін жауапты болады.

Қоғамдағы табиғатты қорғау саясаты жөніндегі жұмыс Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізіледі, оған мыналар кіреді:

- қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген экологиялық талаптарды орындау;
- Тапсырушының бекітілген Қоршаған ортаны қорғау ережелерін, қалдықтарды жою талаптары туралы барлық талаптарды орындау;
- жұмыстар алдында өндірістік әрекетпен байланысты болуы мүмкін қауіптерді анықтау, талдау және қосымша алдын алу шараларды қабылдау;
- үнемі өндірістік бақылау жүргізу; бұзу кезінде орындауды кідіртпейтін бұйрықтар беру;
- санитарлық-тұрмыстық бөлмелерді орналастыру мен оларды пайдалану кезінде санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау;
- май немесе химиялық заттардың топырақ пен суға төгілуін болдырмау;
- қоршаған ортаны, флораны, фаунаны және өзге табиғи ресурстарды кез келген жұмыс жүргізу орындарында қорғау және сақтау үшін қажетті шаралар қабылдау;
- қоршаған ортаға барлық болмай қоймайтын әсерлерді төмендету және мұндай әсерлердің зардабын жою;
- материалдар мен құрал-саймандардың экологиялық қауіптілігін бағалау және мүмкіндігі келгенше жұмыстарды орындау үшін қауіпсіз материалдарды қолдану;
- тазалық орнату, жиналған қоқыс пен материалдардың қалдықтарын жою;
- аңшылыққа, құс, балық және өзге жергілікті жануарларды аулауға, қоршаған ортаға зақым келтіруге тыйым салу;
- жағар-жанармайды сақтау үшін тек жер бетіндегі резервуарларды ғана қолдану;
- май, еріткіштер, химикаттар және т.б. су айдындары немесе топыраққа төгуге тыйым салу.

Атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі рәсімдер келесіні реттейді:

- сұйық отындық аппаратурасын және дәнекерлеу агрегаттары мен автокөлікті тасталымдарды азайту мақсатында реттеу;
- жұмыстар жүргізу әдісі мен механикаландыру құралдарын таңдау
- кезінде сәйкес санитарлық нормаларын, жылжымалы көздердің рауалды шекті тасталымдар нормаларын қажетті орындауды есекеру;
- бөлімше мен жақында орналасқан жолдардағы шаң көлемін азайту
- мақсатында арнайы көлік құралдарымен шаңды сумен басу жұмыстарын жүргізу;
- ұйымдастырылмаған тасталым көздерінің жарамды жұмысын үнемі бақылау.

Жер ресурстарын қорғау рәсімдері келесіні реттейді:

- өндірістік жұмыс қалдықтарын жинау үшін жұмыс бөлімшелерін контейнерлермен қамтамасыз ету;
- май және өзге жағар-жанармайлардың жер бетіне төгілуін болдырмау, төгілген жағдайда – күрекпен қырып бөлек контейнерге салу;
- қалдықтарды үнемі бақылау және есепке алу, келісімшартқа сәйкес
- жолға қойылған шығару мен көмуге өткізу жүйесін жасау;
- құрылыс алаңына жақын орналасқан аймақты үнемі тазалау.

Су ресурстарын қорғау рәсімдері келесіні реттейді:

- бүкіл қызметкерлер құрамын санитарлық талаптар мен сапаға сай ауыз сумен қамтамасыз ету;
- су нысандарына тасталымдар мен ағылымдарды болдырмау.

Қалдықтармен жұмыс істеу бағдарламасы (ҚЖБ)

Қалдықтарды басқару және бақылау бойынша ұйымдастырылған іс-шаралар Қоғамның ішкі құжатына – Қалдықтармен жұмыс істеу нұсқауына сәйкес жүргізіледі.

АУДИТОРДЫҢ ҚОРЫТЫНЫСЫ ЖӘНЕ ЕСКЕРТУЛЕРІ БАР ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП

[«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС тәуелсіз
аудитордың есебіне сәйкес]

Қоғам акционерлері мен Директорлар кеңесіне

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС 2013 ж. 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша қаржылық жағдай туралы есеп пен көрсетілген уақытта аяқталған жыл бойындағы табыс немесе шығын және өзге

жиынтық пайда, қаржының өзгеруі мен ақшалар қозғалысы туралы есептер, сонымен қатар есептік саясаттың негізгі жағдайларын қысқаша шолуы бар ескертулер және өзге түсінік беретін ақпа-

раттардан тұратын «Маңғыстау электр желісін бөлу компаниясы» АҚ қосымша қаржылық есептің аудитін жүргізді.

Басшылықтың қаржылық есеп үшін жауапкершілігі

Басшылық осы қаржылық есепті Қаржылық есептің халықаралық стандарттарға сәйкес жасалуы және нақты

берілуіне және басшылық жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер нәтижесінде айтарлықтай бұрмаланбаған

қаржылық есеп жасау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау үшін жауапты болып табылады.

Аудитордың жауапкершілігі

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС жауапкершілігі «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС өткізген аудит негізінде осы қаржылық есеп туралы өз пікірін білдіруде болып тұр. «ПрайсуотерхаусКуперс» Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізді. Бұл стандарттар этикалық нормаларды сақтауды, сонымен қатар аудитті жоспарлау мен қаржылық есепте айтарлықтай қателердің жоқ болуында сенімділік алу үшін өткізуді талап етеді.

Аудитке қаржылық есептің сандық көрсеткіштерді дәлелдейтін аудиторлық дәлелдерді алуға және ондағы ақпаратты ашуға бағытталған ресімдерді жүргізуі енген.

Рәсімдерді таңдау жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің нәтижесінде қаржылық есепті айтарлықтай бұрмалау қауіптерін бағалаумен бірге аудитордың кәсіби пікіріне байланысты.

Осы қауіптерді бағалау барысында аудитор ұйымның ішкі бақылауының

тиімділігі туралы пікірін білдіру мақсатына емес, жағдайға сәйкес аудиторлық рәсімдер жасау үшін қаржылық есепті жасау мен нақты берудің ішкі бақылау жүйесін қарастырады.

Аудитке сонымен қатар қолданыстағы есептік саясат пен басшылық жасаған бухгалтерлік бағалаудың негіздемені бағалауы, сонымен қатар жалпы қаржылық есепті беруді бағалау енеді.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС алған аудиторлық дәлелдер ескертпесі бар «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС пікірін білдіру үшін жеткілікті және тиісті деп санайды. Ескертпе үшін негізгі салыстырмалы деректер болып табылады.

Қаржылық есепкегі 2-ескертуде көрсетілгендей, Компанияның есептік саясатына сәйкес негізгі қаражаттар «Негізгі қаржылар» БЕХС 16 сәйкес қайта бағалану моделі бойынша көрсетіледі. Негізгі қаражаттардың

2012 ж. 31 желтоқсандағы тепе-теңдік құны басшылық пікірі бойынша 2012 ж. 31 желтоқсанындағы әділ бағаны пайдаланумен бірге анықталған бағадан айтарлықтай ерекшеленбейтін 2012 ж. 30 маусымындағы жағдайы бойынша қайта бағаланған құнына негізделген. Қайта бағаланудан алынған 6,242,527 мың теңге сомасындағы құнның өсуі 2012 ж. 30 маусымдағы жағдай бойынша қайта бағалау негізінде 2012 ж. өзге жиынтық пайда туралы есепте мойындалған. Алдындағы қайта бағалау 2007 ж. 1 сәуіріндегі жағдай бойынша жүргізілген және 2012 ж. 30 маусымындағы жағдайы бойынша қайта бағалаудан өсім сомасы алғашқы жылдарға бөлінбегеніне байланысты бізде өтемдік төлемдерге қарасты қажет жөндеулер мен 2012 жылға мерзімінен кешіккен табыс салығын есептеуге мүмкіндігіміз болмады, сондықтан осы жағдай ағымдағы және ұқсас өткен кезеңдердегі сәйкес деректердің салыстыруына әсерін тигізуі мүмкін.

Ескертпесі бар пікір

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС пікірі бойынша, «Ескертпе үшін негіз – салыстырмалы деректер» параграфында көрсетілген мәселенің әсерінен басқа, қаржылық есепте Компанияның

2013 ж. 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша қаржылық жағдай барлық айтарлықтай жағдайларда, сонымен қатар оның қаржылық нәтижелері және көрсетілген мерзімде аяқталған ақ-

шалардың қозғалуы Қаржылық есептің халықаралық стандарттарына сәйкес нақты көрсетілген.

ГЛОССАРИЙ

Осы Жылдық есепте төмендегідей анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

EBITDA (ағылш. қысқ. Earnings before Interest, Taxes, Depreciation and Amortization.)	аналитикалық көрсеткіш, салықтарды, пайыздарды және есептелген өтелімдерді төлеу бойынша шығындарды есптен шығарғанға дейінгі табыс көлеміне тең.
EVA	экономикалық қосылған құн.
IRR (ағылш. қысқ. Internal rate of return)	табыстылықтың ішкі нормасы.
ISO (ағылш. қысқ. International Organization for Standardization)	Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым.
KASE	«Қазақстан қор биржасы» АҚ.
KEGOC	«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ.
NPV (ағылш. қысқ. Net present value)	ағымдағы таза құн, таза дисконтталған табыс.
OHSAS (ағылш. қысқ. Occupational Health & Safety Advisory Services)	кәсіби қауіпсіздік және денсаулық сақтау менеджментінің жүйесі.
ROA	активтердің пайдалылығы.
ROACE	іске қосылған капиталдың пайдалылығы.
ROE	капиталдың пайдалылығы.
SWOT (ағылш. қысқ. Strengths Weaknesses Opportunities Threats)	ішкі және сыртқы орта факторлардың оң және кері әсерін талдау.
WACC	капиталдың орташа өлшенген құны.
АБҚ	ашық бөлу құрылғысы.
АҚ	Акционерлік қоғам.
АЭЖ	аудандық электр желілері.
ББСС	блоктық бұталы сорғыш станция.
БЕХС	бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттары.
БҰС	бағалық ұсыныстарды сұрату.
ЕТҚ	еншілес және тәуелді қоғамдар.
ЖВЖ	жоғары вольтты желі.
ЖЖМ	жанар-жағармай материалдары.
ЖМ	жергілікті мазмұн.
ЖСҚ	жобалық-сметалық құжаттама
ЖӘШ	жалпы әкімшілік шығындар
кВ	киловольт, электр кернеуінің өлшем бірлігі.
кВтч	өндірістік немесе тұтынған қуат мөлшерінің, сонымен қатар атқарылған жұмыстың өлшем бірлігі.
КТС	корпоративтік табыс салығы.
Қаржылық есептеменің депозитарийі	«Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ.
ҚЕХС	қаржылық есептеменің халықаралық стандарттары.
ҚЖБ	Қалдықтармен жұмыс жасау бағдарламасы.
ҚНК	қызметтің негізгі көрсеткіші, Қоғамның жалпы, сонымен қатар оның басшылықтық жұмысшыларының қызметінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін Қоғам қызметі тиімділігінің деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер (индикаторы).
Қоғам / Компания	«Маңғыстау электртораптық бөлу компаниясы» АҚ.
ҚРИЖЖТМ	Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі
ҚРЭЖМРМ	Қазақстан Республикасының Энергетика және минаралды ресурстар министрлігі
ҚС	қосалқы станция.
МАЗК	Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты.

МВА	мегавольт-ампер, энергетикалық токтың толық қуаты мөлшерінің өлшем бірлігі.
МЕА	материалдық емес активтер.
МИЖ	Менеджменттің интегралданған жүйесі.
МИЖБТ	Менеджменттің интегралданған жүйесі жөніндегі басшылық төрағасы.
МКК	мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын
МЭБК	«Маңғыстау электртораптық бөлу компаниясы» АҚ.
МЭЖ	магистралды электр желілері
МЭЖК	Маңғышлақ электрлік желілер кәсіпорны.
МЭҚЖБК	Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитеті.
НБЦ	Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі.
ОИӨ	облигациялар иелерінің өкілі.
ОЖ	операциялық жүйе.
ӨДО	өңірлік диспетчерлік орталық.
ӨОС	өзі арқалауыш оқшауланған сым.
ӨЭК	өңірлік энергетикалық компания.
РФ	Россиялық Федерация.
СКБҚ	сыртқы қондырғының кешенді бөлу құрылғысы. комплектное распределительное устройство наружной установки.
Тәуелсіз мемлекеттің одағы	
ТБҚС	тораптық бөлудің қосалқы станциясы.
ТМҚ	товарлық-материалдық құндылықтар.
ТМРА	Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі Қазақстан Республикасының агенттігі.
ТМРАД	Маңғыстау облысы бойынша Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі Қазақстан Республикасының агенттік департаменті.
ТЭН	техника-экономикалық негіздеме
ЭДР	эмитент дефолтының рейтингі.
ЭКЕАЖ	Электр қуатын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесі.
ЭТЖ	электр тарату желісі.
ЭШАБ	энергетика шаруашылығының аудандық басқармасы.
Әкімшіліктік қызметкерлер құрамы (әкімшілік жұмысшылары)	басқарушылық қызметкерлер құрамына кірмейтін жұмысшылар.
Басқарушылық қызметкерлер	басқару қызметін жүзеге асыратын жұмысшылар (Басқарма мүшелері).
Бір реттік ақшалай сыйақы	Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген мерекелік күндермен байланысты бір реттік төлемдер, жұмыс нәтижелеріне қатысты жетістікке қол жеткізгені үшін және жұмыс тиімділігін арттыруға ынталандыру үшін материалдық көтермелеу мақсатында жасалатын төлемдер, еңбекақы төлеу қорының есебінен жұмысшыларға жасалатын төлем.
еңбек ақы	еңбекке төлем жасаумен байланысты тұрақты бөліктен (окладтан) және өзгерісті бөліктен (окладқа үстеме қосу) және басқа да төлемдердің барлығынан тұратын оның функционалдық міндеттері мен жауапкершілік деңгейін есепке ала отырып жұмысшыға белгіленген төлем.
еңбекақы төлеу схемасы	лауазым аты, минималдық және максималдық оклад мөлшері, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген бір жылдағы жұмыс қорытындысы бойынша сыйақының шектеулі мөлшері, окладқа қосылатын үстемелік шектеулі мөлшері көрсетілген Қоғам жұмысшыларының еңбегіне төлем жасаудың жүйесін анықтайтын схема.
жұмысшылар	еңбек шарты бойынша жұмыс атқаратын, Қоғаммен еңбек қатынасында тұратын Қоғамның қызметкерлер құрамы.
жұмысшылардың орташа айлық табысы	заңнамамен белгіленген Қоғам бойынша жалпы есептелген негізгі еңбекақының үлес салмағы.
құрылымдық бөлімше	Қоғамның басқармасы, қызметтері, бөлімдері мен АЭЖ.
Өндірістік қызметкерлер құрамы	өндірістің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қызметке тікелей тартылған жұмысшылар.

БАЙЛАНЫСУ КӨЗДЕРІ
Заңды мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
Маңғыстау облысы, 130000,
Ақтау қ., Құс фабрикасы аймағы,
«Маңғыстау электрораптық
бөлу компаниясы» АҚ ғимараты, а/я 250

Кеңсе қызметі:

тел.: 8 (7292) 200-232
факс: 8 (7292) 200-281
е-mail: info@mrek.kz

Адами ресурстар жөніндегі басқарма:

тел.: 8 (7292) 200-258

**Сатып алулар, логистика
және жергілікті құрам басқармасы:**

тел.: 8 (7292) 200-335

Сенім телефоны: 8 (7292) 200-300

Корпоративтік веб-сайт: